

Өндірістік бақылау бағдарламасы

1. Негізгі түсініктер

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы – қоршаған ортаның адамға зиянды ықпал ету факторлары жоқ кезде болатын және оның халық денсаулығының жай-күйі.

Тіршілік ету ортасы – адамның тіршілік ету жағдайын белгілейтін қоршаған орта нысандарының, құбылыстарының және факторларының жиынтығы.

Тіршілік ету ортасының факторлары – адамның және келешек ұрпақ денсаулығының жай-күйіне ықпал ететін немесе ықпал ете алатын биологиялық (вирустар, бактериялар, паразиттер және т. б.), химиялық және физикалық (шу, дүріл, ультрадыбыс, иондаушы, иондамаушы, әлеуметтік (қоректендіру, сумен қамтамасыз ету, еңбек, тұрмыс және демалу жағдайлары) тіршілік ету ортасының факторлары.

Адамға зиянды ықпал – тіршілік ету ортасының келешек ұрпақ өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін факторлардың әсері.

Адамның тіршілік етуіне қолайлы жағдайлар – тіршілік ету ортасының, оның факторларының адамға зиянды ықпалы жоқ кездегі және адам ағзасының бұзылған функцияларын қалпына келтіру мүмкіндігі болған кездегі жағдайы.

Адам үшін арналған қауіпсіз жағдайлар – тіршілік ету ортасының, оның факторларының адамға зиянды ықпалы жоқ кездегі жағдайы.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай – белгілі аумақтағы халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның белгілі бір уақыттағы жай-күйі.

Гигиеналық норматив – тіршілік ету ортасының кез-келген факторын адам үшін қауіпсіз және зиянсыз айқындамасын сипаттайтын көрсеткіштің зерттеулермен белгіленген шекті мөлшердегі барынша көп және мейлінше аз сандық және сапалық мәні.

Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар – оларды сақтамау адам өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ аурулардың пайда болу мен таралу қаупі төнетін талаптарды белгілейді.

Санитариялық-эпидемиологиялық іс-шаралар – тіршілік ету ортасының адамға зиянды ықпал етуін жою немесе азайтуға, жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың пайда болуын және таралуын болдырмауға бағытталған ұйымдастырушылық, әкімшілік, инженерлік-техникалық, медициналық-санитарлық, ветеринарлық және өзге де шаралар.

Кәсіптік аурулар – туындауында өндірістік орта мен еңбек процесінің қолайсыз факторларының әсер етуі маңызды рөл атқаратын адамның сырқаттары.

Жұқпалы аурулар – туындауы мен таралуы тіршілік ету ортасының биологиялық факторларының оған ықпал етуімен және сырқаттанған адамнан, жануардан дені сау адамға сырқаттың берілу мүмкіндігімен түсіндірілетін адамның жұқпалы сырқаттары, қоршаған ортаға қауіп төндіреді және ауыр дамуымен, жоғары өлім деңгейімен, халық арасында таралуымен сипатталады.

2. Бағдарлама мақсаты

Санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің мектепке дейінгі білім беру құжаттарында белгіленген талаптарының сақталуына өзіндік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу жолымен балалар мен ересектерге арналған қызметтердің, жұмыстардың, өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес өндірістік бақылауды ұйымдастыру.

_____ облысы бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулықты қорғау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалының

келісімі бойынша өндірістік бақылау, микробиологиялық көрсеткіштер бойынша зертханалық зерттеулердің тәртібі мен кезеңділігін анықтау:

- ғимараттар, ас әзірлейтін бөліктің жұмыс орындарының;
- әуе кеңістігі, микроклиматтың;
- судың;
- жарықтылығын;
- өнеркәсіптік (тағамдық) шикізаттың, дайын өнімнің;
- қызметкерлер құрамы мен балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмыс сапасын қамтамасыз ету.

3. Өндірістік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі

Негіздеме. Өндірістік бақылау санитарлық қағидаларды және гигиеналық нормативтердің қамтамасыз етілуі мен сақталуы, эпидемияға қарсы іс-шаралардың орындалуы жөніндегі мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметін нормалау құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Нысандар. Өндірістік бақылауға өндірістік, қоғамдық ғимараттар, жұмыс орындары, дайын өнім, ас пісіретін бөлік, құбыр суы, инженерлік желілер мен жүйелер, оқу-тәрбие процесі кіреді.

Бағыттар. Өндірістік бақылауға кіреді:

- мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметіне сәйкес нормалау, санитариялық қағидалар, оларды енгізу және бақылау жүйелері құжаттарының, оларды жүзеге асыру әдістерінің болуы;
- медициналық тексерістерді ұйымдастыру;
- өнімнің, куәліктердің, санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылардың қауіпсіздігі мен сәйкестілігін растайтын құжаттардың болуы;
- ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген есепті және есептілікті жүргізу;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен кәсіпорындарын хабарландыруды ұйымдастыру;
- мамандардың санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың орындалуын, санитарлық қағидалардың сақталуын, анықталған бұзушылықтарды жоюға бағытталған шараларды жасақтау мен жүзеге асырылуын көзбе-көз бақылау жүргізуі;
- Адам ағзасы мен оның тіршілік ету ортасына ықпал етуі мен деңгейін, зиянды өндірістік факторлардың болуын есепке ала отырып, зертханалық зерттеулердің номенклатурасын, көлемі мен кезеңділігін белгілеу.

4. Өндірістік бақылау нысаны

Заңды тұлға туралы жалпы мәліметтер _____

Ұйым атауы: _____

Құрылтайшылық құжаттар: _____

Заңды мекен-жайы: _____

Басшы: _____

Құрылтайшылар және мүлік иелері: _____

Заңды мәртебесі: _____

Меншік түрі: _____

Қызмет мәні: _____

5. Өндірістік бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыруға жауапты қызметкерлер

Санитариялық қағидаларды, санитарлық-эпидемиологиялық қарсы іс-шаралардың сақталуына өндірістік бақылауды жүзеге асыруға жалпы басшылық жасау басшыға жүктеледі.

- **Басшы:**

- бағдарламаны жасақтауды, санитариялық қағидаларды, зертханалық зерттеулер, гигиеналық нормативтер, техникалық регламенттер талаптарының сақталуына өндірістік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуді қамтамасыз етеді;

- ұйымда санитариялық ережелер мен нормалардың болуын, олардың мазмұнын қызметкерлерге түсіндіруді, мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметкерлерімен санитариялық қағидалар талаптарының орындалуын;

- қолданыстағы заңнама, санитариялық қағидалар және гигиеналық нормативтерге сәйкес қызметкерлердің еңбек жағдайларын жасау және оқу-тәрбие процесін құруды **қамтамасыз етеді;**

- денсаулық жағдайына байланысты рұқсаты бар, кәсіби гигиеналық дайындық пен аттестаттаудан өткен тұлғаларды жұмысқа қабылдауды;

- міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу Қағидаларына сәйкес уақытылы медициналық қарап тексеруден өтуді бақылауды;

- декреттелген топ тұлғаларын оқыту Қағидаларына сәйкес гигиеналық оқыту бағдарламасы бойынша курстық даярлау және қайта даярлауды ұйымдастыруды **жүзеге асырады;**

- өнімнің қауіпсіздігі мен құжаттардың, рұқсат құжаттардың әрекет ету мерзімдерімен сәйкес келуін растайтын құжаттардың болуы;

- қауіп факторларын бағалауды, анықталған қауіптерді, қауіпсіздік критерийлерін және өндірістік, қоршаған орта факторларының зиянсыздығын талдауды, қауіптерді басқарылуын қамтамасыз етілуін, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталықтары қаулыларының, ұйғарымдарының орындалуын;

- мектепке дейінгі технологиялық, мұздататын және басқа да құрал-жабдықтың жұмыс жасауын;

- дезинфекция, дезинсекция және дератизациялау шараларын жүргізуді;

- алғашқы медициналық көмек көрсету үшін дәрі қобдишасының болуын және олардың уақытылы толықтырылуын;

- семинарлар, әңгімелер, дәрістерді өткізу арқылы қызметкерлер құрамымен санитарлық-гигиеналық жұмысты ұйымдастыруды;

- өндірістік бақылау бағдарламасымен қарастырылған іс-шаралардың орындалуын, оқу-тәрбие және технологиялық процесте гигиеналық талаптардың сақталуын, анықталған бұзушылықтарды жоюға бағытталған шаралардың жүзеге асырылуын бақылайды.

- **Менеджер:**

- тұтынушылардың денсаулығы үшін олардың сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беретін тағамдар мен өнімдердің дайындалуы мен өткізілуінің барлық кезеңдерінде санитарлық нормалар мен қағидаларды сақтауға қажетті жағдайларды жасауды;

- апатты жағдайлар, технологиялық процестердің бұзылуы және мектепке дейінгі ұйымның ересектері мен балаларының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығына қауіп төндіретін жұқпалы және басқа да аурулар туралы хабарландыру схемасы бойынша халықты ақпараттандыруды **қамтамасыз етеді;**

- балалардың тамақтануы мен ас әзірлейтін бөлменің жұмысын ұйымдастыруды;

- келіп түсетін өнімнің сапасын;

- өнімнің дұрыс салынуын және дайын тамақтың дайындалуын;

- ас әзірлейтін бөлме қызметкерлері мен қызметкерлер құрамының санитарлық ережелер талаптарын орындауын **бақылайды.**

- **Шаруашылық басшысы:**

- шаруашылық нысандарының жұмыс жасауына;

- мектепке дейінгі ұйымның инженерлік технологиялық, мұздатқыш және басқа да құрал-жабдықтарының дұрыс жұмыс жасауына;

- өндірістік құрал-сайман, ыдыс, жуғыш және дезинфекциялайтын құралдар мен материалдық-техникалық жарақтандырылған басқа да заттардың жеткілікті мөлшерде болуына;

- қажет болған жағдайда дезинфекция, дезинсекция және дератизация шараларын жүргізуге;

- бастапқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишаларының болуы, жабдықтылуына және олардың уақытылы толтырылуына;

- ауызсу, жарық, жылу режимдерін ұйымдастыруға **жауапты**.

- **Медициналық қызметкер:**

- санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтер талаптарының сақталуына;

- аспаптық және зертханалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізуге;

- қызметкерлердің кезеңдік медициналық тексеруден уақытылы өтуіне, қаулылардың, ұйғарымдардың орындалуына;

- есепке алу мен есептілік нысандарын, қажетті құжаттаманы (бракеражды журналдар, денсаулық журналдарын (іріңді және жігі респираторлық ауруларға қызметкерлер құрамын тексеру), мұздатқыш құрал-жабдықтағы температуралық режимді есепке алу журналын, тамақтануды бақылау ведомосі және санитарлық қағидаларға сәйкес басқа да құжаттарды) жүргізуге;

- сұрыпталған тәуліктік сынама үшін;

- балаларды тереңдетілген профилактикалық тексеруді ұйымдастыруға және профилактикалық екпелерді бақылауға **жауапты**;

- педикулезбен ауыратындарды анықтау мақсатында мектепке дейінгі ұйымға түскен кезде балаларды медициналық қарап тексеруді;

- денсаулық жағдайында ауытқушылықтары бар тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын бақылауды;

- денсаулық жағдайында ауытқушылықтары бар балаларға арналған ұсынылатын режимде балалардың денсаулық жағдайы туралы ұйым басшыларын, тәрбиеленушілерді, дене шынықтыру мұғалімдерін хабардар етуді, дене шынықтыруымен айналысу үшін балаларды медициналық топтарға бөлуді;

- дене тәрбиесінің ұйымдастырылуына медициналық бақылау жасауды;

- балалардың денсаулығы мен дене дамуын, физикалық дайындығын, бала ағзасының функционалдық мүмкіндіктерін динамикалық қадағалауды;

- қозғалыс режимінің, дене шынықтыру жаттығуларымен әртүрлі сабақ түрлерін өткізу әдістемесін ұйымдастыруға және олардың бала ағзасына әсер етуіне медициналық-педагогикалық бақылауды;

- шынығу жүйесін жүзеге асыруға бақылау жасауды;

- сабақтарды өткізу орындарының, дене шынықтыру құрал-жабдықтарының, балалардың киімі мен аяқ киімінің санитарлық-техникалық жағдайына бақылау жасауды;

- дене тәрбиесі, дене шынықтыру мәдениеті бойынша тұрақты сабақтарға мотивацияны қалыптастыру, жарақаттану профилактикасы мәселелері бойынша гигиеналық оқыту мен тәрбиелеу жағдайын зерделеуді **жүргізеді**.

6. Алдын ала және кезеңдік медициналық қарап тексеруге және гигиеналық оқытуға жатқызылатын қызметкерлердің лауазымдары мен санының тізімі

Мамандық	Саны
Әкімшілік	

Мұғалімдер	
Тәрбиешілер	
Қызмет көрсететін қызметкерлер құрамы	

7. Медициналық қарап тексеруден өткізілетін қызметкерлер құрамына қойылатын талаптар

- Талаптарды сақтау мақсатында:
- белгіленген тәртіпте медициналық қарап тексеру мен тексеруден, белгіленген тәртіпте кәсіби гигиеналық дайындықтан және аттестаттаудан өту;
- медициналық тексеру және зертханалық зерттеулер, екпелер туралы, ауырған жұқпалы аурулар, гигиеналық дайындық пен аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтері бар нәтижелерімен жеке медициналық кітапшаның болуы;
- медициналық тексеру және кәсіби гигиеналық дайындық нәтижелері белгіленген үлгідегі жеке медициналық кітапшасы жоқ, медициналық тексеруден, кәсіби және гигиеналық дайындықтан бас тартқан тұлғалар жұмысқа жіберілмейтіндігін білу.

8. Санитарлық-техникалық жағдай төлқұжаты

Негізгі көрсеткіштер	Жоба бойынша	Іс жүзінде
Ғимараттар, құрылыстар саны		
Оқытылып жатырғандар саны		
Ғимараттың жалпы ауданы үлгілік бейімделген		
Жер учаскесінің болуы үлгілік бейімделген • шу және ауаны ластау көзі болуы мүмкін көліктік магистральдардың, өнеркәсіптік, коммуналдық және басқа да кәсіпорындардың алыстығы; • учаскені жасылдандыру алаңы; • аумақты аймақтандырудың болуы; • ойын алаңының алаңы үлгілік бейімделген		

Негізі орынжайлар жиынтығы	Саны, бірл.	Алаңы, м²	Орындар саны	норма	іс жүзінде
Үлгілік ғимарат					
Топтық					
Әкімшілік кабинеттер					
Медициналық блок					
Шаруашылық кабинеттер					
Ас әзірлейтін бөлме					

Спорт залы					
Акт залы					
Бассейн					
Бейімделген ғимарат					
Топтық					

Инженерлік қамтамасыз ету: _____

Құрал-жабдық: _____

Ас әзірлейтін бөлме құрал-жабдығы: _____

9. Өндірістік бақылау бойынша шаралар тізімі

Шаралар	Мерзімдер	Жауаптылар
Ғимараттың санитарлық-техникалық жағдайын бақылау, соның ішінде: - жарықтандыру жүйесі; - электрмен қамту жүйесі; - жылу жүйесі; - сумен қамту жүйесі; - кәріз жүйесі	Инженерлік жүйелердің жұмыс жасауы және тексеру – үнемі. Жөндеу жұмыстарына және күрделі, жеңіл, ағымдық жөндеуді жүргізуге өтінімдер – мезгілдер бойынша	Шаруашылық меңгерушісі
Жылу, әуе режимдерінің сақталуын бақылау	Үнемі	
Қатты тұрмыстық қалдықтардың шығарылуын бақылау	Үнемі	
Аумақ жағдайына қойылатын санитарлық талаптардың сақталуын бақылау, соның ішінде: - кіреберіс жолдарының, учаскелердің, жолдардың дұрыстығы; - жарықтандыру; - ойын түрлері; - спорттық алаңдар және құрал-жабдықтар	Жазғы кезең – қажеттілік жағдайы бойынша Үнемі Үнемі Үнемі Кесте бойынша	
Санитарлық-техникалық құрал-жабдық жағдайын бақылау, сондай-ақ: - балаларға арналған жиһаз; - ойыншықтар; - кілем бұйымдары, төсек-орын; - оқу, жинастыру құралдары	Жылына 2 рет Күн сайын Күн сайын Күн сайын Жыл сайын оқу жылы басталардың алдында	Мейірбике
Таңбалауды бақылау		
Ғимаратта әуе-жылу режимінің жағдайын, желдету ережелерінің сақталуын бақылау	Күн сайын	Мейірбике
Ғимараттарды жинау сапасын бақылау	Күн сайын	
Ауызсу режимінің ұйымдастырылуын бақылау	Күн сайын	

Кір жуатын орынның ғимараты мен құрал-жабдықтың ұсталуын бақылау	Күн сайын	
Қызметкерлердің еңбек жағдайларын және оқу блоктарының өндірістік орта жағдайын бақылау: • еңбекті қорғау; • тұрмыстық жағдайлар; • аппаратура және ОТҚ	Күн сайын	
Ғимараттар мен ас әзірлейтін бөлме құрал-жабдықтарының жағдайын бақылау: • еңбек жағдайлары; • ас әзірлейтін бөлменің өндірістік ортасы; • санитарлық жағдай; • мұздатқыш камераларының температуралық режимі; • технологиялық және мұздатқыш құрал-жабдығының жағдайы	Күн айын	Мейірбике Шаруашылық меңгерушісі
Таңбалауды, құрал-жабдықты, өңдеп, жинайтын құрал-сайманды бақылау	Күн сайын. Зақымдалған жағдайда жаңарту	Шаруашылық меңгерушісі
Медициналық кабинет құрал-жабдықтарының жағдайын бақылау: • құрал-жабдық және құрал-сайман; • мұздатқыштардың температуралық режимі; • медикаментозды құралдар; • есепке алу және есептілік	Ай сайын Айына 1 рет толықтыру Токсанына 1 рет	Мейірбике Басшы
Балалардың тамақтануын бақылау: • апталық (күн сайынғы) мәзірді сақтау; • тамақтану гигиенасы; • диеталық тамақтануды сақтау	Ай сайын Күн сайын	Мейірбике
Күн тәртібі мен оқу сабақтарын ұйымдастыруды бақылау: • күн тәртібі мен оқу сабақтары; • дене тәрбиесін ұйымдастыру; • дамыту ортасының жағдайы	Күн сайын	Әдіскер
Медициналық қарап тексеруден өтуді бақылау: • бастапқы; • кезеңдік	Жұмысқа қабылданған кезде жыл сайын	Мейірбике

10. Зертханалық аспаптық зерттеулер нысандары

Зертханалық зерттеулерді _____ облысы бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулықты қорғау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК филиалы жүргізеді.

Деректемелер:

№	Нысандар	Зертханалық зерттеулер	Өндірістік бақылауды өткізу қысқалығы	Сынамалар саны	Көлемі	Ескерту
Мектепке дейінгі ұйымдар нысандары						
1		Тамақ (шикізат) өнімдерінің микробиологиялық көрсеткіштерге сынамалары	Жартыжылдықта 1 рет	7 сынама	5–7 сынама жылына 2 рет	
		Микробиологиялық көрсеткіштерге дайын тағамдардың сынамалары	Жартыжылдықта 1 рет	Тарату мәзіріне сәйкес	Ботқа 1 тағам 2 тағам	
		Микробиологиялық және санитарлық-химиялық көрсеткіштерге судың сынамалары	Жылына 1 рет	1 сынама	Жылына 1 рет	
		Тағам құнарлылығына	Жылына 1 рет	Тарату мәзіріне сәйкес	Ботқа 1 тағам 2 тағам 3 тағам	
Ас әзірлейтін бөлмелер						
2		Сумен шаю	Жартыжылдықта 1 рет	10 рет сумен шаю	70 рет сумен шаю жылына 2 рет	
		С дәруменін анықтау	Жартыжылдықта 1 рет	1 сынама	3 тағам жылына 2 рет	
		Хлорқұрамды дезинфекциялайтын құралдардың 1 %-дық ерітінділерінде хлор қалдығын анықтау (құрғақ препараттарда және ерітіндіде)	Жартыжылдықта 1 рет		Топтар Медкабинеттер жылына 2 рет	
		Бактериологиялық, санитарлық-химиялық зерттеулерге жергілікті (орталықтандырылған, құдықтар, ұңғымалар, шеген) сумен қамту көздерінен ауызсу	Жылына 1 рет	1 сынама		
Қабылдау бөлмелері, киім шешетін, топтық, жатын, спорттық және музыкалық залдар, медициналық кабинеттер, демалу мен ұйықтауға арналған орындар						
3		Ауа температурасы	Күн сайын жылу маусымы кезеңінде	1 өлшем (1 нүкте)		

Құмсалғыштар						
4		Санитарлық-микробиологиялық және паразитологиялық зерттеулерге (гельминттердің болуына) құм мен топырақ	Жылына 1 рет	30 % құмсалғыш	4–5 жылына 1 рет, мамырдан қыркүйекке дейін	
Компьютерлік және мультимедиялық сыныптар, кабинеттер						
5		Жұмыс орындарындағы электростатикалық өріс кернеуі	3 жылда 1 рет	Әрбір жұмыс орны		
Жабық жузу бассейндері мен ванналар						
6		Бактериологиялық, санитарлық-химиялық , паразитологиялық зерттеулерге су сыналасы	Жартыжылдықта 1 рет	2 сынама (бассейннің ұсақ және терең жерінен)	2 сынама жылына 1 рет	
Топтар						
7		ІТТБ және паразитологиялық зерттеулерге сыртқы орта шайындылары: • буфеттік; • ойын; • жатын	Жартыжылдықта 1 рет	Әр топтан 5 шайынды		
		Жасанды жарықтандыру деңгейі	3 жылда 1 рет	7 өлшем	3 жылда 1 рет	
Жалпы орынжайлар						
8		Жасанды қозғалысы, табиғи желдеткіші бар ағынды-тартымалы желдету қысқалылығы	1) жергілікті сору және жергілікті ағынды желдету жүйелері – жылына 1 рет; 2) жалпы алмасатын механикалық және табиғи желдету жүйелері – 3 жылда 1 рет			
Міндетті медициналық қарап тексерулер						
9		Тексерулер толықтығы, уақытылылығы	Жылына 1 рет		Қызметкерлер – жылына 1 рет Ас әзірлейтін бөлме – жылына 2 рет	

11. Мүмкін болатын апатты жағдайлар тізімі

Мүмкін болатын апатты жағдайлар	Апатты жағдайлар салдары	Апатты жағдай туралы хабарлау	Апатты жағдайды оқшаулау шаралары
Жылуды айыру	Температуралық режим нормадан төмен. Жылу жүйесін еріту		Оқу процесін уақытша тоқтату
Сумен қамту жүйесінің бұзылуы	Күн сайынғы ылғалды жинастыруды жүзеге асыру үшін судың болмауы	Су каналы	Инженерлік коммуникацияларды жөндеу. Дезинфекциялық шаралар
Электрмен қамту жүйесінің бұзылуы, электр энергиясының ұзақ уақыт болмауы	Оқу процесін ұйымдастыруды тоқтату	Энергожелі. Әкімшілік. Білім беру басқармасы	Жөндеу шаралары

12. Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету шаралары

Жұмыстардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар
Балабақша топтарын, басқа орынжайларды жеңіл жөндеу		
Екі өткізілімдегі пердешелерді ауыстыру		
Бассейн ғимаратын жеңіл жөндеу		
Іргелес аумақты абаттандыру		
1-блокты (4 топ) ыстық сумен қамту тобына қосуға арналған жұмыстарды орындау		
Топтың ойын бөлмесінде линолеумды ауыстыру		